

## Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Көкпекті, Ұлан және Үржар аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 09 қарашадағы N 259 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 08 желтоқсандағы N 34/402-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 28 желтоқсанда N 2565 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 шілдедегі № № 24/5-IV, 24/6-IV шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 21 шілдедегі № 280 қаулысы, Бородулиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қазандағы № 31-12-IV шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 826 қаулысы, Жарма аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі № 23/186-IV шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 215 қаулысы, Көкпекті аудандық мәслихатының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 27-4/2 шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 822 қаулысы, Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 2 қарашадағы № 212 шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 2 қарашадағы № 156 қаулысы, Үржар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 мамырдағы № № 20-213-IV, 20-214-IV шешімі және әкімдігінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 326 қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Көкпекті, Ұлан және Үржар аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Бесқарағай ауданы бойынша:

Семеновка ауылдық округінің Семеновка ауылы Қарабас ауылы; Семеновка ауылдық округі Қарабас ауылдық округі; Сосновка ауылдық округінің Сосновка ауылы Ерناзар ауылы; Сосновка ауылдық округі Ерназар ауылдық округі;

Бородулиха ауданы бойынша:

Новопокровка ауылдық округінің Арбузное ауылы Қарағайлы ауылы;

Жарма ауданы бойынша:

Жаңғызтөбе ауылдық округінің Солнечный ауылы Шуақ ауылы;

Көкпекті ауданы бойынша:

Новотимофеевка ауылдық округінің Новотимофеевка ауылы Сарыбел ауылы;

Новотимофеевка ауылдық округі Сарыбел ауылдық округі;  
Ұ л а н а у д а н ы б о й ы н ш а :  
Молодежный кенті «Қасым Қайсенов» кенті;  
Ү р ж а р а у д а н ы б о й ы н ш а :

Благодарное ауылдық округінің Благодарное ауылы Келдімұрат ауылы;  
Благодарное ауылдық округі Келдімұрат ауылдық округі; Ново-Андреевка ауылдық округінің Ново-Андреевка ауылы Барқытбел ауылы; Ново-Андреевка ауылдық округі Барқытбел ауылдық округі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Облыс әкімі</i>	<i>Б. Сапарбаев</i>
<i>Сессия төрағасы</i>	<i>Б. Мамраев</i>
<i>Облыстық мәслихат хатшысы</i>	<i>В. Ахаев</i>